

ИРН АР09260597 «Жедел механикалық ішек өтімсіздігі кезіндегі инфекциялық-қабыну асқыныстарының предикторлары ретінде бактериялық транслокация маркерлерінің болжамдылық маңыздылығы»

Өзектілігі

Қан сарысуындағы бактериялық транслокация биомаркерлердің өзгеруінде, генезі ісік болып табылатын ЖІӨ кезіндегі инфекциялық-қабыну асқыныстарының даму қаупінің деңгейі бойынша, сондай-ақ тоқ ішектің ісігіне жоспарлы операциядан кейін пациенттерді стратификациялау жүргізіледі. Асқыныстар мен өлім-жітімнің жиілігін, аурудың айқындылығын төмендету үшін алдын-алу шараларын жүргізу мүмкіндігі пайда болады. мезентериальды лимфа түйіндерін инвазивті жинауды, 16-pRNK-ны анықтауды жүргізбей-ақ, қан сарысуындағы бактериялық транслокация маркерлерін анықтау әдістемесі диагностиканың сенімді, жылдам және аз шығынды тәсілі болып табылады. ЖІӨ-мен асқынған тоқ ішектің ісігіне жасалған операциядан кейінгі пациенттерде "Сепсис" диагнозын қою критерийлерін қайта қарастыру мүмкіндігі пайда болады, бактериялық транслокация биомаркерлерінің жоғары деңгейі, жүйелік қабыну реакциясы болуы және мүшелік дисфункцияның болуы, тіпті инфекцияның айқын ошағы болмаса да сепсистің ерте диагностикасын жүргізуге мүмкіндік береді.

Жоба мақсаты: мезентериальды лимфа түйіндеріндегі микроорганизмдер гендерінің детекциясымен және жүйелі қан ағысындағы LBP, sCD-14 биомаркерлердің өзара байланысын бағалау жолымен науқастарда генезі ісік және ісік емес болып табылатын асқыныстардың даму предикторы ретінде бактериялық транслокацияның диагностикалық және болжамдық маңыздылығын анықтау.

Күтілетін нәтижелер

Тоқ ішек ісіктері бар науқастарда бактериялық транслокацияны даму механизмдері туралы жаңа мәліметтер алынады, бактериялық транслокация детекциясына тестілердің тиімділігі белгіленеді, оларды ғылыми және тәжірибелік мақсаттарда ұтымды пайдалану жолдары ұсынылады, ғылыми зерттеулерде, тәжірибелік денсаулық сақтауда, медициналық білім беруде инновациялық әдістер енгізіледі.

Зерттеу тобы

1. Тургунов Е.М. – медицина ғылымдарының докторы, хирургиялық аурулар кафедрасының профессоры; Scopus Author ID - 57215313148, <https://orcid.org/0000-0002-6486-3847>

2. Ахмалтдинова Л.Л. – ж.ғ. к., ҚМУ КеАҚ ұжымдық пайдалану зертханасының меңгерушісі; Scopus Author ID – 5628561470, <https://orcid.org/0000-0001-5602-6136>

3. Шакеев К.Т. - а.ғ. к., КеАҚ ҚМУ хирургиялық аурулар кафедрасының профессоры; Scopus Author ID- 56801885500 <https://orcid.org/0000-0002-7802-1464>

4. Кадырова И.А. – ғ. к., PhD, ҚМУ КеАҚ ұжымдық пайдалану зертханасының қызметкері, Scopus Author ID – 56297966100, <https://orcid.org/0000-0001-7173-3138>

5. Матюшко Д.Н. – ғ. к., PhD, PhD, ҚОДСБ қатысты ШЖҚ КМК "Қарағанды қ. №1 көпбейінді ауруханасының" хирургиялық қызметінің жетекшісі; Scopus Author ID- 57193721109

6. Мугазов М.М.- н.с., PhD, ҚМУ КеАҚ Жедел медициналық көмек, анестезиология және реаниматология кафедрасының ассистенті; Scopus Author ID - 57209321668

7. Жумакаев А.М. – ғ. к., магистр, ҚОДСБ қатысты ШЖҚ КМК "Қарағанды қаласының №3 көпсалалы ауруханасы" (онкологиялық орталық) абдоминалды хирургия бөлімшесінің меңгерушісі;

8. Огизбаева А.В. – ғ. к., PhD докторант, <https://orcid.org/0000-0003-1006-1870>

Қол жеткізілген нәтижелер

Биологиялық материалды алу, тасымалдау және сақтау, сонымен қатар, бактериялық транслокация маркерлерін ИФТ және ПТР диагностикалау үшін стандартты рәсімдер дайындалды.

ПТР-диагностикасының көмегімен мезентериялық лимфа түйіндерінде бактериялық ДНҚ-ны бөлу әдістемесі әзірленіп, сынақтан өткізілді.

ЖІӨ жоқ тоқ ішек ісіктері бойынша операция жасалған 60 науқаста бактериялық транслокация биомаркерлерін анықтау үшін материал (көктамыр қаны және мезентериялық лимфа түйіндері) алынды (зерттелетін бірінші топ).

Зерттелетін бірінші топта анықталатын маркерлерге иммуно-ферменттік талдау және ПТР-диагностика жүргізілді (ЖІӨ жоқ тоқ ішек ісіктері бар науқастарда).

Зерттелетін топтағы динамикадағы маркерлер концентрациясы айырмашылығының маңыздылығына статистикалық бағалау жүргізілді.

Әлеуетті пайдаланушыларға арналған аппарат.

Алынған ғылыми нәтижелердің қолданылуы: биомаркер детекциясының ұсынылған әдістері бактериялық транслокацияны зерттеуде зерттеуді жалғастыруға мүмкіндік береді. Диагностиканың бірқатар әдістері тәжірибелік денсаулық сақтауда қолданылуы мүмкін. Ұжымдық пайдалану зертханасының имиджін арттыру инвестицияларды тартуға және Қазақстанның ғылыми ұжымдары мен шетелдік әріптестердің зерттеулер жүргізуіне ықпал ететін болады. Зерттеудің қазіргі заманғы жоғары технологиялық әдістерін игеруді оқыту платформасын (мастер-кластар, біліктілікті арттыру, жұмыс орнында мамандандыру және т. б.) құру түрінде коммерцияландыру перспективасын жасайды.

Нәтижелердің мақсатты тұтынушылары: ғылыми қызметкерлер, дәрігерлер; бактериялық транслокация асқынулары бар пациенттер

Жоба аясында ғылыми жарияланымдар

1. Шакеев К.Т., Кабилдина Н.А., Огизбаева А.В., Тургунов Е.М., Жумакаев А.М., Елубайұлы А.Е., Муратулы А.М. Колоректальды қатерлі ісікпен операция жасалған науқастардағы липополисахаридтерді байланыстыратын ақуыздың (LBP) динамикасы // Қазақстанның онкологтары мен радиологтарының халықаралық қатысумен VIII съезінің тезистер жинағы / қ. Туркестан, (14-16 қазан, 2021ж.). / Қазақстанның онкология және радиологиясы. – Арнайы басылым. – 2021. - Б. 108.

2. Огизбаева А.В., Савазова К.С., Шакеев К.Т., Тургунов Е.М. Колоректальды обырмен операция жасалған науқастардағы пресепсиннің (sCD14) динамикасы // А.Н. Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығының құрылғанына 75 жыл толуына орай өткен "Хирургия: кеше, бүгін, ертең" атты халықаралық қатысумен Қазақстан хирургтарының VII Конгресі / Алматы (30 қыркүйек - 1 қазан 2021 ж.) / Қазақстан хирургиясы хабаршысы. - 2021. – Арнайы басылым №1. - Б. 176-177.

ИРН AP09260597 «Prognostic significance of bacterial translocation markers as predictors of infectious and inflammatory complications in acute mechanical bowel obstruction»